ӘОЖ 903.59/904
ҒТАХР 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.1.336.345

Құрайлы асар қорымындағы 2023 жылғы археологиялық зерттеулер

© 2024 ж. Тәжекеев Ә.Ә., Оңғаруұлы А., Дарменов Р.Т., Сұлтанжанов Ж.Қ., Шораев Б.Қ.

Keywords: *archaeology, Dzhetyasar culture, Kuraily-asar town, burial ground*
Түйін сөздер: *археология, Жетіасар мәдениеті, Құрайлы асар қалашығы, қорым*
Ключевые слова: *археология, Джетыасарская культура, городище Курайлы-асар, могильник*

A. Tazhekeyev[1], A. Onggaruly[1], R. Darmenov[2], Z. Sultanzhanov[3]* and B. Shorayev[3]
[1]Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan
[2]National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
[3]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
**Corresponding author*

Archaeological research at the Kuraily-asar burial ground in 2023

The article examines the burial structures of the Dzhetyasar culture from the territory of the Eastern Aral Sea region. In 2023, the Aral Sea Detachment of the Margulan Institute of Archaeology conducted archaeological work at the burial ground of the Kuraily-asar settlement. All the kurgans have identical construction and burial rites: they are surrounded by a moat with crossings on the northern and southern sides, and a burial pit is located in the center. The skeletons are positioned on their dorsal surface, with their heads oriented northward. The assemblage includes ceramic vessels, spindle whorls, buckles, a mirror, and an amulet. The analysis of the burial materials allowed the kurgans to be attributed to the Dzhetyasar II stage and dated to the 2nd–4th centuries AD.
Source of funding: The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2024, project IRN BR18574175.
Citation: Tazhekeyev, A., Onggaruly, A., Darmenov, R., Sultanzhanov, Z., Shorayev, B. 2024. Archaeological research at the Kuraily-asar burial ground in 2023. *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 1. Pp. 336–345 (in Kazakh).

Ә.Ә. Тәжекеев[1], А. Оңғаруұлы[1], Р.Т. Дарменов[2], Ж.Қ. Сұлтанжанов[3]*, Б.Қ. Шораев[3]
[1]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана қ., Қазақстан
[3]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
**корреспондент авторы*

Құрайлы асар қорымындағы 2023 жылғы археологиялық зерттеулер

Мақалада Шығыс Арал өңіріндегі Жетіасар мәдениетінің жерлеу құрылыстары қарастырылады. 2023 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының «Арал маңы отряды» Құрайлы асар қалашығының қорымында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Барлық обалардың құрылымы мен жерлеу рәсімі бірдей. Обалар шеңбер тәріздес ормен қоршалған, ордың оңтүстігінде немесе солтүстігінде кіреберісі бар. Обалардың ортасында жерлеу шұңқыры орналасқан. Қабірдегі адам қаңқалары дорсальды бетімен (арқасымен, тігінен) жатқызылған және басы солтүстікке бағытталған. Жерлеу материалдарына қыштан дайындалған ыдыстар мен ұршықтар, тоғалар, қола айналар және тұмар кіреді. Жерлеу материалын талдау нәтижесі обаларды Жетіасар II кезеңіне жатқызуға және б.д. II–IV ғасырларымен мерзімдеуге мүмкіндік берді.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2024 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН BR18574175 жобасы аясында даярланды.
Сілтеме: Тәжекеев Ә.Ә., Оңғаруұлы А., Дарменов Р.Т., Сұлтанжанов Ж.Қ., Шораев Б.Қ. 2024. Құрайлы асар қорымындағы 2023 жылғы археологиялық зерттеулер. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 1-т.336–345-бб.

А.А. Тажекеев[1], А. Онгарулы[1], Р.Т. Дарменов[2], Ж.К. Султанжанов[3]*, Б.К. Шораев[3]
[1]Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан
[2]Национальный музей Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан
[3]Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан
**автор-корреспондент*

Археологические исследования на могильнике Курайлы-асар в 2023 г.

В статье рассматриваются погребальные сооружения джетыасарской культуры с территории Восточного Приаралья. В 2023 г. Приаральским отрядом Института археологии им. А.Х. Маргулана проведены археологические работы на могильнике городища Курайлы-асар. Все курганы имеют индентичную конструкцию и погребальный обряд: они окружены рвом с перемычкой с северной и южной сторон, в центре находится погребальная яма. Скелеты расположены на дорсальной поверхности и головой ориентированы на север. Предметный комплекс представлен керамическими сосудами и пряслицами, пряжками, зеркалом и амулетом. Анализ погребального материала позволил отнести курганов к этапу Джеты-асар II и датировать II–IV вв. н.э.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2024 гг., ИРН проекта BR18574175.
Цитирование: Тажекеев А.А., Онгарулы А., Дарменов Р.Т., Султанжанов Ж.К., Шораев Б.К. 2024. Археологические исследования на могильнике Курайлы-асар в 2023 г. *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 1. С. 336–345.

Кіріспе

Жетіасар шатқалы Шығыс Арал маңында, Сырдария өзенінің төменгі алқабында орналасқан, онда ежелгі Сырдарияның құрғақ арналары толығымен кесілген аллювиалды жазықта ондаған археологиялық ірі қоныстар бар. Сырдария өзенінің төменгі ағысы ежелгі заманнан бері Қазақстанның оңтүстігіндегі урбанистік мәдениеттің орны саналып, көшпелілердің дәстүрлі қыстайтын мекені болған. Оны малшылар мен егіншілердің көші-қон, этникалық және сауда байланыстары өткен екі мәдени аймақ деп қарастыруға болады. Дәл осы ауданда Жетіасар қалашықтары орналасқан, олардың жартысына жуығы Жетіасар шатқалында ежелгі Сырдарияның арналары Қуандария және Ескідариялық бассейнінде шоғырланған.

Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының мүшелері Жетіасар мәдениеті мыңдаған жылдар бойы мәдениеттің барлық салаларында: олардың қоныстары мен қорымдарының топографиясы, құрылыс техникасы мен қалашықтардың орналасуы, жерлеу түрлері мен жерлеу рәсімдері, формалары, қыш ыдыстардың технологиясы мен ою-өрнектері, қару-жарақ, тұрмыстық заттар мен әшекейлерінде тұрақтылық пен консерватизм сақталғандығын көрсетеді [Галиева 2002: 125–140; Толстов 1948: 125–140; Толстов 1962: 188; Левина 1971: 8–69; Левина 1996: 60–121; Болелов, Тажекеев 2023: 164–179].

Барлық қалашықтар мыңдаған әртүрлі обалардан тұратын қорымдармен қоршалған [Толстов 1962: 189–196; Левина 1996: 60–121]. Қазіргі уақытта ауданы 15-25 га дейін, сақталған қирандылары жер деңгейінен 25 м биіктікке дейін жететін 50-ден астам Жетіасар қалашығы белгілі.

2023 жылдың далалық маусымында Ә.Ә. Тәжекеевтің жетекшілігімен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы Жетіасар қалашықтарының бірі – Құрайлы асар қалашығының қорымында археологиялық зерттеулер жүргізді. Құрайлы асар қалашығы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылынан батысқа қарай 14 км жерде орналасқан. Қалашықтың нақты пішіні жоқ, солтүстігіндегі құрылыстары аяқталмаған, үштен бір бөлігі ғана тікбұрыш пішінді болып келген. Қалашықтың ортасында бұрыштары дөңгеленіп келген шаршы

пішінді төбе орналасқан. Екі террасалы болып келген оның биіктігі 11 м асады. Төменгі террасасының өлшемдері – 80 × 80 м, үстіңгісі – 40 × 40 м құрайды. Төменгі террасаның оңтүстік бөлігінің ортасында кішігірім төбешік бар, сірә, ол кешенге кіретін қақпа болуы мүмкін. Оның қабырғалары тікбұрышты қам кесектерден (40 × 30 × 9-10 см) қаланған. Осы төбенің оңтүстігінде, сопақша мұнаралары бар бекініс қабырғаларының ішінде орналасқан кейінгі кезеңдік тұрғын жайлардың қалдықтары сақталған [Левина 1996: 15-16].

Құрайлы асар қалашығының маңында да көлемі үлкен қорым орналасқан. З.С. Галиева ескерткіштің маңынан мыңдаған обалары бар қорымдарды белгілеп, оны үш үлкен топқа бөлді. Олардың ішіндегі ең ірісі – қалашықтан шығысқа қарай және Ескідариялықтың арнасында орналасқан № 1 обалар тобы. № 2 обалар тобы қалашықтың оңтүстігі мен батыс бөліктерін жағалай жайылып жатыр. № 3 топтағы обалар алдыңғы екі топпен салыстырғанда қалашықтың бекініс қабырғаларынан алыс орналасқан. Бұл топты екі бөлікке бөліп қарастыруға болады: біріншісі – қалашықтың солтүстік-шығысында (үлкенірек), екіншісі – қалашықтың оңтүстігінде (кішірек) орын тепкен. 2023 ж. осы № 3 обалар тобының екінші бөлігінде (Құрайлы асар қалашығынан оңтүстікке қарай 500 м жерде орналасқан) 4 оба зерттелді. Әрі қарай осы обалардың далалық зерттеулерінің барысы сипатталады.

Материал және зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері

Археологиялық материалдарды талдау кезінде далалық және зертханалық зерттеулерді біріктіретін дәстүрлі әдістер қолданылды. Жетіасар шатқалындағы ХАЭЭ ауқымды зерттеулеріне қарамастан, Құрайлы асар қорымында бұрын археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген. Осыған сәйкес бұл ескерткіш зерттеу нысаны ретінде таңдалды. Оба үйінділері траншеялы әдіспен қазылды. Қазба учаскелері арнайы автоматтандырылған құрылғы арқылы үрлеу әдісімен тазартылды. Негізгі репер нүктесі қорымның биік бөлігіне қойылды. Жерлеу шұңқырларындағы адам қаңқаларының орналасуы О.В. Зайцева мен Д.И. Ражевтың [Зайцева, Ражев 2007: 84–89] әдісі бойынша сипатталды.

Материал сипаттамасы


№ 1 оба (1-сур., *1, А*). Обаның беткі қабаты тазаланғаннан кейін жерлеу шұңқыры мен обаны қоршаған ордың ізі анықталды. Пішіні шеңбер тәріздес ордың диаметрі – 6,5 м, солтүстік жағында кіреберісі бар. Обаның сақталған биіктігі 10-15 см құрайды.

Жерлеу шұңқыры обаның дәл ортасында орналасқан және оңтүстіктен солтүстікке бағытталған. Оның тереңдігі – 105 см. Жерлеу шұңқырының батыс қабырғасынан лақат қазылған. Бірақ лақатты негізгі шұңқырдан бөліп тұратын арнайы қабырға анықталмады. Ол батыс қабырғаның бойына тегіс емес қабырғалары бар қарапайым лақат түрінде салынған. Лақаттың түбі негізгі шұңқыр еденінің деңгейімен сәйкес.

Лақатқа әйел адамның қаңқасы қойылған. Қаңқаның ұзындығы 165 см. Ол дорсальды бетімен, яғни, арқасымен тік қалпында жатқызылған. Бас сүйегімен солтүстікке қарай бағытталған. Жақтары ашылмаған күйінде, төменгі жақ сүйегі жоғарғы жақ сүйегіне жапсарылып тұр. Омыртқа сүйегі түзу орналасқан және лақаттың қабырғаларына параллель жатыр. Кеуде қуысы «жабық» күйінде, яғни, қаңқа қабырғаларының стерналды ұштары бір-біріне жақын жатыр және адамның тірі кезіндегі қабырғалардың орналасу тәртібіне жақын. Қол мен аяқтың сүйектері бүгілмей, тігінен созылып қойылған (1-сур., *2, А*).



1



2

1-сур. Құрайлы асар қор.: *1* – квадрокоптерден түсірілген көрініс; *2* – жоспарлары: *A* – № 1 оба; *B* – № 2 оба; *C* – № 3 оба; *D* – № 4 оба. Орындаған: Ж.К. Сұлтанжанов

Рис. 1. Мог. Курайлы-асар: *1* – вид курганов с квадрокоптера; *2* – планы: *A* – кург. № 1; *B* –кург. № 2; *C* – кург. № 3; *D* – кург. № 4. Исполнитель: Ж.К. Султанжанов

Fig. 1. Kuraily-asar b.g.: *1* – aerial view of kurgans captured by a drone; *2* – plans: *A* – kurg. No. 1; *B* – kurg. No. 2; *C* – kurg. No. 3; *D* – kurg. No. 4. Performer: Z. Sultanzhanov

Қаңқаның оң жақ иық сүйегінің деңгейінде шұңқырда кішкене тауаша дайындалған, дегенмен іші бос болып шықты. Бас сүйектің құлақ бөліктерінде металдан жасалған сырғалары сақталған (2-сур., *1*). Оның өлшемдері: диаметрі – 1,5 см, қалыңдығы – 0,4 см. Қаңқаның жамбас сүйектері деңгейінде қатты коррозияға ұшыраған темір тоға табылды (2-сур., *2*). Сол аяғының сүйектеріне жақын қола айнаның сынығы бар (2-сур., *3*).

№ 2 оба шығыс жағынан № 1 обаға іргелес орналасқан. Обаның биіктігі – 10-15 см, диаметрі – 8 м, үйіндісі сары түсті саздан тұрады. Үйіндінің астында оңтүстік-шығыс жағынан кіреберісі бар шеңбер пішінді оры анықталды (1-сур., *1, В*).


Обаның ортасында оңтүстіктен солтүстікке бағытталған, тереңдігі 144 см болатын жерлеу шұңқыры орналасқан. Жерлеу шұңқырының батыс қабырғасының астында лақат қазылған, бірақ ол жерлеу шұңқырына қарағанда көлемі үлкен. Дегенмен, лақатты жерлеу шұңқырынан бөліп тұратын қабырғасы немесе басқа белгілері анықталған жоқ. Лақаттың түбі жерлеу шұңқырының еденінің деңгейімен сәйкес.

Лақатқа кішкене баланың қаңқасы қойылған. Ұзындығы 111 см құрайтын қаңқа басымен солтүстікке бағытталған. Қаңқаның орналасу тәсілі № 1 обадағы қаңқаның орналасуын қайталайды. Бұл қаңқа да дорсальды бетімен, яғни, арқасымен тік қалпы жатқызылған. Қаңқа бас сүйегімен солтүстікке бағытталған. Жақ сүйектері ашылмаған, төменгі жақ сүйегі жоғарғы жаққа жабысып тұр. Омыртқа сүйектері түзу орналасқан. Кеуде қуысы «жабық» күйінде, яғни, әртүрлі қабырғалардың стерналды ұштары бір-біріне жақын және қаңқаның тірі кезіндегі қабырға сүйектерінің орналасу күйіне жақын. Қол мен аяқ сүйектері бүгілмей, тігінен созылып жатыр (1-сур., *2, В*).

Оң жақ қабырғалардың төменгі бөлігінде шыныдан жасалған тұмар табылды (2-сур., *4*). Тұмардың пішіні призма тәрізді. Қаңқаның бас сүйегінің жоғарғы жағына екі құмыра қойылған: біріншісінің тұтқасы бар ақ түсті, екіншісі қара түсті және тұтқасыз (2-сур., *5-6*).

№ 1 және № 2 обалардан шығыста *№ 3 оба* (1-сур., *1, С*), яғни, бұл үш оба бір-біріне іргелес орналасқан. Бұл обаның да сақталған биіктігі – 10-15 см, диаметрі – 7 м, үйіндісі сары түсті саздан тұрады. Оба оңтүстігінде кіреберісі бар шеңбер пішінді ормен қоршалған. Оның ортасында оңтүстіктен солтүстікке бағытталған тікбұрышты пішінді жерлеу шұңқыры ашылды. Алайда бұл жағдайда лақат шұңқырдың шығыс жағынан қазылған. Сондай-ақ басқа обалар сияқты, лақаттың негізгі жерлеу шұңқырынан бөлінуі белгілері анықталмады. Лақаттың түбі жерлеу шұңқырының еденінің деңгейімен сәйкес.

Лақатқа ересек әйелдің қаңқасы қойылған, оның ұзындығы 167 см құрайды. Бұл қаңқа да бас сүйегімен солтүстікке бағытталған. Қаңқа дорсальды бетімен жатқызылған. Дегенмен бас сүйек желкесімен қойылған, тиісінше бас сүйектің алдыңғы бөлігі оңға (шығысқа) қарай бұрылған. Жақ сүйектері ашылмаған, төменгі жақ сүйегі жоғарғы жаққа жабысып тұр. Омыртқа сүйектері түзу орналасқан. Кеуде қуысы «жабық» күйінде, яғни әртүрлі қабырғалардың стерналды ұштары бір-біріне жақын және қаңқаның тірі кезіндегі қабырға сүйектерінің орналасу күйіне жақын. Қол мен аяқ сүйектері бүгілмей, тігінен созылып жатыр. Әйел қаңқасының жамбас сүйектерінің ішінен кішкентай нәрестенің сүйектері табылғанын атап өткен жөн. Бұл әйел адамның қайтыс болған кезінде жүкті болғанын көрсетеді. Қаңқаның сол жақ қабырғаларының астында темірден жасалған қатты коррозияға ұшыраған белгісіз құрал табылды (2-сур., *9*). Бас сүйектен жоғары қызыл тұтқасы бар қыш құмыра қойылған (2-сур., *8*). Лақаттың шығыс қабырғасында екі тауаша қазылған. Бірінші (жоғарғы) тауашасы үлкенірек және оның ішіне қара түсті құмыра қойылған (2-сур., *9*), ал екінші (төменгі) тауашаның өлшемі кішкентай және оның іші бос. Бірақ екінші тауашаның асты лақаттың еденінен жоғары тұр (1-сур., *2, С*).



2-сур. Құрайлы асар қор. Табылған олжалар: № 1 оба: *1* – сырғалар; *2* – тоға; *3* – айнаның сынығы. № 2 оба: *4* – тұмар; *5-6* – қыш ыдыстар. № 3 оба: *7-8* – қыш ыдыстар; *9* – темірден жасалған зат. № 4 оба: *10* – тоға, *11* – ұршықтар; *12* – түйенің омыртқа сүйегі; *13* –ыдыс бөлшегі; *14* – айна, *15* – белгісіз ағаш зат

Рис. 2. Мог. Курайлы-асар. Находки. Кург. № 1: *1* – серьги; *2* – пряжка; *3* – фрагмент зеркало; кург. № 2: *4* – амулет; *5–6* – керамические сосуды; кург. №3: *7–8* – керамические сосуды; *9* – предмет из железа; кург. № 4: *10* – пряжка; *11* – пряслица; *12* – атлант верблюда; *13* – фрагмент сосуда; *14* – зеркало, *15* – деревянный предмет неизвестн. назнач.

Fig. 2. Kuraily-asar b.g. The finds. Kurg. No. 1: *1* – earrings; *2* – buckle; *3* – mirror fragments. Kurg. No. 2: *4* – amulet; *5–6* – ceramic vessels. Kurg. No. 3: *7–8* – ceramic vessels; *9* – iron item. Kurg. No. 4: *10* – buckle; *11* – spinning wheels; *12* – atlas bone of a camel; *13* – vessel fragment; *14* – mirror fragments, *15* – wooden object of unknown purpose

№ 4 оба жоғарыда аталған обалардан оңтүстікке қарай 100 м жерде орналасқан. Оның сақталған биіктігі – 10-15 см, диаметрі – 11,4 м, оба үйіндісі сары түсті саздан тұрады. Оба оңтүстік жағында кіреберісі бар шеңбер пішінді ормен қоршалған. Ордың кіреберіс бөлігінен қызыл түсті қыш құмыраның сынығы (2-сур., *13*) және түйенің омыртқа сүйегі (атлант) табылды (2-сур., *12*).

Обаның ортасында оңтүстіктен солтүстікке бағытталған тікбұрыш пішінді жерлеу шұңқыры қазылды. Жерлеу шұңқырының тереңдігі 90 см құрайды. Шұңқырдың батыс қабырғасына іргелес ересек әйел жерленген. Қаңқаның ұзындығы – 168 см. Қаңқа дорсальды бетімен жатқызылған және басы солтүстікке бағытталған. Басы желке сүйегімен қойылған, тиісінші бас сүйектің алдыңғы бөлігі тіке қаратылған. Жақ сүйектері ашық күйінде, төменгі жақ сүйегі жоғарыдан алыс тұр. Омыртқа сүйектері түзу орналасқан. Кеуде қуысы «жабық» күйінде. Қолдың сүйектері дене осінің ұзындығына параллель және қабырғалардан біршама қашықтықта орналасқан. Аяқ сүйектері тізе аймағында бір-біріне жақындатып қойылған. Оң аяғының табан сүйектері сол аяғының табан сүйектерінің үстіне қойылған (1-сур., *2, D*).

Қаңқаның аяқтарының арасынан екі қыш ұршық (2-сур., *11*) пен қола айна (археологиялық тұтас) табылды (2-сур., *14*). Сондай-ақ жамбас сүйегінің аймағында темірден жасалған тоға (2-сур., *10*) және белгісіз ағаш құралдың қалдығы анықталды (2-сур., *15*). Қаңқаның сол жағына қойдың сүйектері қойылған.

Талқылау мен қорытынды

Құрайлы асар қорымындағы (3-топ) обалардың Жетіасар мәдениетінің өзге ескерткіштерімен ұқсастықтары бар. Жетіасар мәдениетінің қазылған обалардың ішінде лақаттағы жерлеу рәсімі шамамен 30% құрайды. Лақаттардың сақталған тереңдігі 0,4-0,7-ден 1,5 м-ге дейін өзгереді, орташа есеппен 1,5-1,6 м (басым көпшілігінде). Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, лақаты бар жерлеу орындарында негізінен әйел адамдар жерленген. Лақат көлемінің негізгі жерлеу шұңқырынан үлкен болуы – 70%, лақат пен жерлеу шұңқырының көлемдері бірдей болуы – 20%, лақат көлемінің жерлеу шұңқырынан кішірек болуы тек 10% жағдайда кездеседі [Левина 1993: 33–98; 1994].

Атап өтерлік жайт, лақаты бар жерлеу орындарының көпшілігі жоспарда ұзартылған сопақша пішінді болған. Лақаттың асты мен үстіңгі бөлігі 0,45-тен 1 м-ге дейін, соның ішінде көбіне 0,65 м құрайды. Сонымен қатар көбінде лақаттардың едені негізгі жерлеу шұңқырының еденінен төмен қазылған.

Құрайлы асар қорымының № 2 және № 3 обаларында лақаттың жоғарғы күмбезді төбесі жерлеу шұңқырының шетінен бірден қазылған, биіктігі 90–120 см жетеді. Бірақ лақат пен жерлеу шұңқырының едендері бір деңгейде.

Осыған ұқсас обалар Алтынасар 4В қорымында қазылған. Мысалы, қорымның №153 обасында оңтүстік-оңтүстік-шығысында кіреберісі бар оры болған (диаметрі – 10 м, ені – 0,7 м). Обаның ортасында батысқа қарай 23˚ ауытқитын меридианға бағытталған тікбұрышты жерлеу шұңқыры (ауданы 2,5 × 0,8 м, тереңдігі 2,2 м) болды. Шұңқырдың батыс қабырғасының астында (өлшемі 2,8 × 0,65–1,0 × 0,65 м) қосымша лақат қазылған. Оның оңтүстігінде тауашалары бар. Лақаттың асты жерлеу шұңқырының астынан 0,3 м төмен. Жерлеу шұңқырының оңтүстігінде киіздің қалдықтары табылған. Жерленген әйел қамыс төсенішіне арқасымен, бас сүйегі солтүстікке қарай бағытталып, аяқ-қолы созылып жерленген. Екі қолдың сүйектері жамбас сүйектерінің үстіне қойылған [Левина 1992**а**: 150–157; 1992**б**: 61–72].

Бас сүйегінің астында киізден жасалған жастық тәрізді зат болған. Лақаттың оңтүстік шетінде жерленген адамның аяқ жағына манжет тәрізді мойны бар асүй ыдысы, сыртынан тік ойықтармен

безендірілген, ортасында тіреуіші бар диск тәрізді қақпақпен жабылған, манжет тәрізді мойнының шетінде екі қара жапсырмасы бар үлкен құмыра қойылған. Екі қыш ыдыс та Жетіасар II кезеңінің қыш кешеніне тән. Бас сүйекке жақын қошқардың жамбас бөліктері, жиегі қалыңдатылған қола айна, сондай-ақ, ағаш жотаның сынықтары және көптеген әшекейлер салынған. Л.М. Левина, обалардың жерлеу материалын (ең алдымен, қышты) талдау нәтижесінде оны Жетіасар II кезеңіне (б.д. IV–V ғғ.) жатқызады [Левина 1996: 100].

Құрайлы асар қорымындағы № 4 обада ашылған, ортасында қарапайым жерлеу шұңқыры бар, сыртынан ормен қоршалған обалар Жетіасар мәдениетінің басқа қорымдарында да кездеседі. Бұл жерлеу орындарының да кішкене көлемді үйіндісі болған. Жерлеу шұңқырының өзі де обаның орталық бөлігінде орналасқан. Әдетте, шұңқырдың ұзын осі обаның ортасынан өтетін ордың симметрия осімен сәйкес келеді. Көбіне (46%) жерлеу шұңқыры қабырғаларының едені және төменгі бөліктерін қаптаған қамыс төсеніштерінің қалдықтары сақталған. Сипатталған обалардың көпшілігінде тік қабырғалары бар, бірақ бұрыштары дөңгеленген тікбұрышты пішінді жерлеу шұңқырлары кездеседі. Қамыс төсеніштеріне оралған қаңқа жерлеу шұңқырының түбіне арқасымен, аяқтары мен қолдары созылып, басы солтүстікке қарай бағытталып қойылған [Левина 1996: 60–121].

Осылайша, 2023 ж. Құрайлы асар қорымында (3 топ) төрт оба зерттелді. Олардың ішінде үш обада лақаты бар жерлеу орындары, ал біреуінде қарапайым жерлеу шұңқыры кездесті. Барлық жерлеу орындары *in situ* жағдайында сақталған. Обалардағы жерлеу рәсімі барлығында бірдей. Адам қаңқасын жерлеу шұңқырына немесе лақатқа арқасымен, басын солтүстікке бағыттап, қол-аяқ сүйектерін созып жатқызған. Тиісінше барлық жерлеу шұңқырлары солтүстікке бағытталған. Жерлеу материалдарының құрамы да біркелкі. Бұл – қыш құмыралар мен ұршықтар, қола айналардың сынықтары, шыны тұмар және металдан жасалған тоғалар. Жерлеу материалдарын талдау нәтижесінде № 1-4 обаларды Жетіасар II кезеңіне жатқызуға және оларды б.д. II–IV ғғ. мерзімдеуге болады. Зерттеудің осы кезеңінде лақаттың күмбезді төбесінің мөлшерін өзгерту және лақат көлемінің ұлғаю себебін анықтау қиынға соғады. Жетіасар жерлеу құрылыстарындағы лақаттың жаңа түрлерінің пайда болуы мен жерлеу ғұрыптарына қатысты сұрақтарды шешу үшін Құрайлы асар қорымындағы археологиялық жұмыстарды жалғастыру қажет деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

1 *Болелов С.Б., Тажекеев А.А.* Джетыасарская культура. Историко-культурный феномен в низовьях Сырдарьи (к вопросу о датировке и происхождении археологической культуры) // Население Восточного Приаралья в эпоху миграций I тысячелетия по данным антропологического источника. М.: Товарищество научных изданий КМК; Институт археологии РАН, 2023. С. 164–179.

2 *Галиева З.С.* Эволюция культурных ландшафтов Восточного Приаралья VII в. до н.э. – VII в. н.э. на примере бассейна Эскидарьялыка. Методы реконструкции // Материальная культура Востока. Вып. 3. М., 2002. С. 72–85.

3 *Зайцева О.В., Ражев Д.И.* Возможности реконструкции особенностей первоначального размещения тела в погребениях по обряду ингумации // История и Археология. 2007. № 302. С. 84–89.

4 *Левина Л.М.* Керамика нижней Сырдарьи. ТХЭ. Т. VII. М.: Наука, 1971. 248 с.

5 *Левина Л.М.* Некоторые итоги исследований Джетыасарского отряда Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в Восточном Приаралье // Маргулановские чтения. Алма-Ата, 1992**а**. С. 150–157.

6 *Левина Л.М.* Памятники джетыасарской культуры середины I тысячелетия до н.э. – середины I тысячелетия н.э. // Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время. Серия: Археология СССР. Т. 10 / Отв. ред. М.Г. Мошкова. М.: Наука, 1992**б**. С. 61–72.

7 *Левина Л.М.* Джетыасарские склепы // Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 2, ч. I. Склепы. М., 1993. 282 с.
8 *Левина Л.М.* Могильники Алтынасар 4 // Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 4. Джетыасарская культура. Ч. 3–4. М., 1994. 312 с.
9 *Левина Л.М.* Этнокультурная история Восточного Приаралья. М.: Восточная литература, 1996. 396 с.
10 *Толстов С.П.* По следам древнехорезмийской цивилизации. М.; Л.: АН СССР, 1948. 322 с.
11 *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Восточная литература, 1962. 324 с.

REFERENCES

1 Bolelov, S. B., Tazhekeev, A. A. 2023. In: *Naselenie Vostochnogo Priaralya v epohu migratsiy I tysyacheletiya po dannym antropologicheskogo istochnika* (*The population of the Eastern Aral Sea region in the era of migrations of the 1st millennium based at the anthropological source*). Moscow: Partnership of the scientific publications of KMK; Institute of Archeology of the RAS Publ., 164–179 (in Russian).
2 Galieva, Z. S. 2002. In: *Materialnaya kultura Vostoka* (*The material culture of the East*) 3, 72–85 (in Russian).
3 Zaitseva, O. V., Razhev, D. I. 2007. In *Istoriya i Arheologiya* (*History and Archaeology*) 302, 84–89 (in Russian).
4 Levina, L. M. 1971. *Keramika nizhney Syrdari* (*Ceramics of the lower Syrdarya*). Moscow: "Nauka" Publ. (in Russian).
5 Levina, L. M. 1992**a**. In: *Margulanovskie chteniya* (*Margulan readings*). Almaty, 150–157 (in Russian).
6 Levina, L. M. 1992**b**. In: Moshkova, M. G. (ed.). *Stepnaya polosa Aziatskoy chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremya* (*Steppe strip of the Asian part of the USSR in the Scythian-Sarmatian period*). Moscow: "Nauka" Publ., 61–72 (in Russian).
7 Levina, L. M. 1993. In: *Nizovya Syrdari v drevnosti* (*The lower reaches of the Syr Darya in ancient times*) 2, Moscow (in Russian).
8 Levina, L. M. 1994. In: *Nizovya Syrdari v drevnosti* (*The lower reaches of the Syr Darya in ancient times*) 4, Moscow (in Russian).
9 Levina, L. M. 1996. *Etnokulturnaya istoriya Vostochnogo Priaralya* (*The ethnocultural history of the Eastern Aral Sea Region*). Moscow: "Vostochnaya literatura" Publ. (in Russian).
10 Tolstov, S. P. 1962. *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta* (*On the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes*). Moscow: "Vostochnaya literatura" Publ. (in Russian).
11 Tolstov, S. P. 1948. *Po sledam drevnehorezmiyskoy tsivilizatsii* (*In the footsteps of the ancient Khorezmian civilization*). Moscow; Leningrad: USSR Academy of Sciences (in Russian).

About the Authors

Tazhekeyev Azilkhan – Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-8145-1396 E-mail: a.tazhekeyev@gmail.com
Onggaruly Akhan – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, General Director of the Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-1113-7817 E-mail: akan123@mail.ru
Darmenov Rustem – Leading Researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-5226-1291 E-mail: darmenov_rustem@mail.ru
Sultanzhanov Zhetesbi – Researcher, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-2716-2283 E-mail: zhetesbi.sultanzhanov@mail.ru
Shorayev Baglan – Researcher, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-8926-9265 E-mail: baglan.shorayev@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Тәжекеев Әзілхан Әуезханұлы – жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан
Оңғарұлы Ақан – бас директор, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан
Дарменов Рүстем Тұрарбекұлы – жетекші ғылыми қызметкер, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана қ., Қазақстан

Сұлтанжанов Жетесби Қанапияұлы – ғылыми қызметкер, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
Шораев Бағлан Қошқарұлы – ғылыми қызметкер, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

Сведения об авторах
Тажекеев Азилхан Ауезханулы – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан
Онгарулы Акан – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, генеральный директор, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан
Дарменов Рустем Турарбекович – ведущий научный сотрудник, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан
Султанжанов Жетесби Канапияевич – научный сотрудник, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
Шораев Баглан Кошкарулы – научный сотрудник, Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosu of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.05.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу.
/ The authors have made an equal contribution to the work.